**Автор**: Калиева Гулдана Жумабаевна
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Тіл және қарым-қатынас
**Тақырып**: Сөйлеу тілінің қажеттілігі

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Т/А3 Мәтіннен ақпаратты анықтау. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау. |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар**<br>- Мәтін мазмұнын түсінеді;<br>- негізгі және қосымша ақпараттарды ажырата алады.<br>**Көптеген оқушылар**<br>- Мәтін мазмұнын толық түсінеді;<br>- негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.<br>**Кейбір оқушылар**<br>- Мәтін мазмұнын терең түсінеді;<br>- негізгі және қосымша ақпарат екенін дәлелдей алады. |
| Тілдік мақсаттар: | **Пән лексикасы және терминология:**<br>құндылық, аманат, қарым –қатынас, қажеттілік, теріскен<br>**Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:**<br>сөйлеу арқылы, күнделікті өмір, кеңес беру, басты құрал |
| Күтілетін нәтиже: | Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады.. |
| Бағалау критерийлері: | - Мәтін мазмұнын толық түсінеді:<br>- негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды. |
| Құндылықтарды дарыту: | Ынтымақтастық: жақсы қарым-қатынас орнату, ынтымақтастық дағдысын қалыптастыру, сындарлы тіл табу, қарым-қатынас орнатуда сыни тұрғыдан ойлану сынды қасиеттерді қамтиды. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | https://www.youtube.com/watch?v=Pi-POcnr0bE<br>https://tagul.com/cloud/20 |
| Пәнаралық байланыс: | Қазақ әдебиеті |
| Бастапқы білім: | **Алдыңғы біліммен байланыстыру:**<br>«АКРОНОМ» әдісі арқылы байланыстырылады. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>(10 минут) | Ұйымдастыру:<br>-оқушылардың сабаққа қатысын тексеру;<br>- сабақ мақсатымен таныстыру; **«АКРОНОМ» әдісі** Оқушылар қасында отырған жұбымен бірге берілген сөзден сабақ тақырыбына қатыстысөйлем немесе мақал\өлең жазады (ауызша орындауға да болады)<br>Т-<br>І -<br>Л -<br>Мысалы:<br>Тілді<br>Ілгерілету үшін<br>Лауазымды тұлға болудың қажеті жоқ.<br>Оқушылар өз нұсқаларын сыныпқа таныстырады.<br>Кері байланыс:<br>Тапсырманы орындау қаншалықты жеңіл\күрделі?<br>Неліктен? | **Дереккөздер**<br>Келесі қысқартуларды қолданыңыз: МН =Мұғалімге арналған нұсқаулық МЖ = Мұғалім жасаған ӨД = өзге дерек көздері |
| Сабақтың ортасы<br>(20) | **С.Тыңдалымалды тапсырма.**<br>Оқушылар шарда берілген 3 тақырыптың бірін таңдап, тыңдалым мәтіні не туралы екенін болжайды. Дәлелдер келтіре отырып, өз ойларын жеткізеді.<br>Image not found or type unknown<br>Оқушыларға бағалау критерийі мен дескриптор таныстырылады.<br><br>**Бағалау критерийі:** Мәтін мазмұнын толық түсінеді, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.<br>**Дескриптор:** Негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратып жазады Өз пікірін дәлелдейді<br>**Тыңдалым кезіндегі тапсырма.**<br>https://www.youtube.com/watch?v=Pi-POcnr0bE<br>Оқушылар дәптерлеріне орындайды:<br>**Ж.Маңыздылық аймағы**<br>Ішкі шеңберге- негізгі ақпараттар Сыртқы шеңберге- қосымша ақпараттар<br><br>**ЖЖ.**<br>**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.**<br>**«6 Неліктен?» әдісі**<br>**Оқушылар өздерінің жазған ақпараттарының негізгі және қосымша ақпарат болатынын дәлелдер келтіре отырып, өзара талқылайды.**<br>**Мысалы:**<br>1-оқушы: Сөйлеу тілі арқылы біз күнделікті хабарларды жеткізіп отырамыз – негізгі ақпарат.<br>2-оқушы: Неліктен бұл негізгі ақпарат бола алады?<br>1-оқушы: Себебі мәтіннің негізгі айтайын деп тұрған ойы осы сөйлеммен тікелей байланысты.<br>2-оқушы: Неліктен осы сөйлеммен тікелей байланысты?..<br>Ф.Мұғалім оқушыларды бақылайды, бағыт береді, журналына комментарий жазады. | |
| Сабақтың соңы<br>(5) | "Бес саусақ" әдісі | |
| Рефлексия<br>(5) | **Рефлексия:**<br>Ризамын... (өзіңіз орындаған қай жұмысқа ризасыз?)<br>Ойланамын... (бүгінгі сабақ бойынша не туралы ойланасыз?)<br>Түзетемін... (бүгінгі орындаған тапсырмаңыз\ сабаққа қатысыңыз бойынша нені түзетесіз?) | |